

Алматы облысының елді мекендерінің аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстau және жансыздандыру қағидаларын бекіту туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2022 жылғы 29 қарашадағы № 30-141 шешімі

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-2-тармағы және 7-бабына, "Жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 18 мамырдағы № 162 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28125 тіркелген) сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес, Алматы облысының елді мекендерінің аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстau және жансыздандыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына және Алматы облыстық мәслихатының ауыл шаруашылығы, жер қатаинастары, ветеринария және экология мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Д. Жарасбаев

Алматы облыстық мәслихатының 2022
жылғы _____ № _____
шешіміне қосымша

Алматы облысының елді мекендерінің аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстau және жансыздандыру қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және жануарларды аулаудың, уақытша ұстaudың және жансыздандырудың (иттер мен мысықтарды) тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаемен және жансыздандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік

ветеринариялық ұйым, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

1) жануардың иесі - жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

2) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған жануарларды, қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) ұстauғa арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

3) жануарға қатыгездікпен қарау – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін қасақана іс-әрекет;

4) жануарларды уақытша ұстau пункti – табылған, ауланған қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) уақытша ұстau үшін әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;

5) жануарды әвтаназиялау (бұдан әрi – әвтаназиялау) – жануардың ауырсынуын және физикалық қиналуын болғызбай оны дәрi-дәрмекпен жансыздандыру;

6) қаңғыбас жануарлар – иесі жоқ иттер мен мысықтар;

7) қараусыз қалған жануарлар – ұстau орнынан тыс жерде және жануардың иесі және (немесе) жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануарлар;

8) стерилизациялау – жануарды хирургиялық, дәрi-дәрмекпен не өзге тәсілдермен үрпақ өрбіту қабілетінен айыру;

9) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын болюстер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);

10) үй жануарларын есепке алу жөніндегі деректер базасы (бұдан әрi - деректер базасы) – үй жануарының жеке номірі туралы, диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, оны ветеринариялық өндеу туралы, үй жануарлары ұсталатын немесе тасымалданатын жылжымайтын мүлік объектілері мен көлік құралдары, жеке тұлғаның әрекет қабілеттілігі туралы ақпарат, жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырыған үй жануарларын иелену тарихы туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін электрондық деректер базасы;

11) үй жануарларын есепке алу - үй жануарына жеке номір берілгені, тұрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді міндettі тіркеу.

2. Жануарларды аулау

3. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулауды, тасымалдауды, уақытша ұстauуды және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырады.

4. Жануарларды аулау жұмыстары аулау қызметінің басшысымен бекітілген кестесіне сәйкес жүргізіледі.

5. Кесте жануарлардың шоғырлану орындарын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олардың жиналу орындарының мониторингі нәтижелері бойынша және азаматтардың өтініштері бойынша жасалады.

6. Аулау жануарға жарақат салуды және мертігуді, азаматтардың денсаулығына, олардың мүлкіне, занды тұлғалардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмайтын ізгілікті тәсілдермен жүзеге асырылады. Адамның және (немесе) жануардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төнген жағдайларды қоспағанда, балалардың қатысуымен жануарларды аулауға жол берілмейді

7. Аулау жануарларға зиян келтірмейтін құралдармен оқшаулау сүрлемдерін, торларды, гельдік оқшаулағышы бар ілмектерді, ұстап алу кезінде бекітуге арналған Y-тәрізді бекіткіштерді (рогатин), Қазақстан Республикасының заңнамасымен тығым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

8. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аула аумақтарында, саябақтарда, скверлерде, қараусыз қалған ғимараттарда, қала шетінде, саяжай алқаптарында және басқа жерлерде) жануарлар иесінің қарауынсыз жүрген қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлар аулауға жатады.

9. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қараусыз қалған және қаңғыбас иттерді, жануарларды, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан иттерді мекендеу ортасынан аулау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тығым салынбаған жануарларды қимылсыздандыруға арналған препараттарды қолдануға жол беріледі. Аулау қызметі еркін нысанда акт жасайды, оған кемінде екі күә қол қояды және оны аулау қызметі ақпараттық жүйеде тіркейді. Куәлар болмаған жағдайда аулауды тіркеудің техникалық құралдарын қолдануға (бейнетүсірілім) жол беріледі.

10. Қараусыз қалған және қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде аулау қызметі мамандарының өзімен бірге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі аулау қызметі қызметкерінің куәлігі (бұдан әрі - куәлік) болады және олар азаматтардың талап етуі бойынша көрсетіледі.

11. Аулау қызметі өз қызметкерін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі куәлікпен қамтамасыз етеді.

12. Ауланған жануарларды тасымалдау Заңның 12-бабына және Жануарларды тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жануарларды уақытша ұстau пунктінде ұстau

13. Ауланған жануарлар уақытша ұстай пунктіне орналастырылады немесе жануарларға арналған баспанага беріледі және деректер базасында тіркелуге жатады.

14. уақытша ұстай пунктімен жануарларды ұстай, азықтандыру, қарау, жансыздандыру, қажетті құрал-саймандармен жарактандыру жөніндегі іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

15. Уақытша ұстай пунктінде клиникалық тексеру және деректер базасында тіркеу жүргізіледі.

16. Жануарларды ұстай Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес профилактиканы және диагностиканы қамтамасыз етеді.

17. Уақытша ұстай пункті металл торлармен және иттерге арналған үйшіктермен жаракталады, онда 1 (бір) дарақтан орналастырылады.

18. Тордың мөлшері жануарларға еркін тұруға, жатуға және өздеріне тән тәсілмен еркін айналуға мүмкіндік береді.

19. Ауланған жануарларға күтім жасалады, күнделікті механикалық тазарту және жасушаларды дезинфекциялау жүргізіледі.

20. Үй-жайлардың қабырғалары мен едендік жабындарының беті тегіс, жинауга және дезинфекциялауға ыңғайлы.

21. Жануарларды ұстай шарттары олардың биологиялық, түр және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандырады.

22. Азықтық рационды және жануарларды азықтандыру режимін уақытша ұстай пунктінің басшысы жасайды. Азықтарды сақтау және пайдалану оларды өндірушілер белгілеген сақтау шарттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

23. Жануарларды азықтандыру күніне кемінде бір рет, оның ішінде мысықтарды күніне кемінде екі рет жүзеге асырылады.

24. Ішетін ыдыстар мен басқа да су көздері әрбір жануарға таза ауыз суға тұрақты және шектеусіз қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады. Ауыз суды ауыстыру тәулігіне кемінде бір рет жүзеге асырылады.

4. Жануарларды өлтіру

25. Адамға, жануарларға шабуыл жасаған немесе адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жануарлар, оның ішінде кемінде үш дарақтан тұратын топтасқан жануарлар, емделмейтін аурулармен ауыратын жануарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған препараттармен, дәрі-дәрмекпен (эвтаназиямен) ізгілік жолмен жансыздандыруға жатады.

26. Жануарлардың өлекселерін кәдеге жаратуды арнайы кремациялау пештері орнатылған орындарда, мал қорымында (биотермиялық шұңқырларда) аулау қызметі жүргізеді.

27. Қаңғыбас жануарлардың санын уларды, химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілмен жансыздандыру жолымен реттеуге жол берілмейді.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметтерінің
үлгілік қагидаларына қосымша

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі

Қағазда жасалған және қорғаныс пленкасына салынған күәліктің мөлшері 54x85 миллиметр болады.

Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі (1)

Ұйым атауы (2)

№ _____ (3)

QR-код (4)

Фотосурет (5)

Тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса) (6)

Берілген күні: _____ ж. (7)

Әрекет ету мерзімі _____ ж. дейін (8)

Осы құжаттың түпнұсқалығын деректер

базасы арқылы тексереп аласыз (9)

1-жол – "Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің куәлігі" құжатының атауы көрсетіледі;

2-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметінің қызметкері жұмыс істейтін ұйымның атауы көрсетіледі;

3-жол – деректер базасында жинақталатын және қалыптастырылатын күәліктің бірегей сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

4-жол - мөлшері 30x30 сантиметр деректер базасында автоматты түрде туындалатын QR-код түріндегі күәліктің бірегей сәйкестендіру нөміріне арналған орын ;

5-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің өлшемі 3x4 сантиметр фотосуретіне арналған орын;

6-жол - жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандыру қызметі қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі;

7-жол - күні, айы, жылды форматы бойынша күәліктің берілген күні көрсетіледі;

8-жол - күні, айы, жылды форматы бойынша күәліктің қолданылу мерзімі көрсетіледі ;

9-жол – "Осы құжаттың тұпнұсқалығын деректер базасы арқылы тексерे аласыз" деген жазу көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК